

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімділікті нығайту туралы 1996 жылғы 26 сәуірдегі келісімді және Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы 1997 жылғы 24 сәуірдегі келісімді орындау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында өзара іс-қимыл қағидаттары мен тәртібі туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 тамыз N 882

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімділікті нығайту туралы 1996 жылғы 26 сәуірдегі Z960057_ келісімді және Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы 1997 жылғы 24 сәуірдегі Z980243_ келісімді орындау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара іс-қимыл қағидаттары мен тәртібі туралы хаттаманың жобасы (бұдан әрі - Хаттама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізілген мен кейін қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Хаттаманы жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 6 тамыздағы N 882
қаулысымен мақұлданған

ЖОБА

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімділікті нығайту туралы 1996 жылғы 26 сәуірдегі келісімді және

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы 1997 жылғы 24 сәуірдегі келісімді орындау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара іс-қимыл қағидаттары мен тәртібі туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі, бұдан әрі 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісім деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданындағы әскери саладағы сенімділікті нығайту туралы 1996 жылғы 26 сәуірдегі келісімді және бұдан әрі 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісім деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы 1997 жылғы 24 сәуірдегі келісімді орындау мақсатында төмендегілер туралы к е л і с т і :

1-бап

1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімді және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімді орындауға жәрдемдесу үшін Тараптар 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімнің және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің кіріспелерінде аталған, 1997 жылғы 24 сәуірдегі

Келісімнің 10-бабында қалыптастыру көзделген Бірлескен бақылау тобында Бірлескен Тараптың делегациясын қалыптастырады.

2-бап

Бірлескен Тарап делегациясын қалыптастыру мен оның қызметі Бірлескен бақылау тобындағы Бірлескен Тарап делегациясының қызметі мен ақпарат алмасу тәртібі туралы ережемен (осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымша) айқындалады.

3-бап

1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімнің және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің ережелерін жүзеге асыру және сақтау мақсатында Тараптар уәкілетті органдар арқылы Бірлескен бақылау тобындағы Бірлескен Тарап делегациясының қызметі мен ақпарат алмасу тәртібі туралы ережеге және инспекциялық қызметті ұйымдастыру кезінде Тараптардың өзара іс-қимыл тәртібі туралы ережеге (осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымша) сәйкес ақпарат алмасуды, жоспарлауды, инспекциялық және қадағалау қызметін жүргізуді ұйымдастыруда өзара іс-қимылын тәртіпке келтіреді және жүзеге асырады.

4-бап

Ресей Тарабы Ресей Федерациясының Ядролық қатерді азайту жөніндегі ұлттық орталығы (ЯҚАҰО) арқылы 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісіммен және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісіммен айқындалған Бірлескен Тараптың ақпаратын даярлау және Қытай Халық Республикасына беру, хабарламалар мен

тиісті мәліметтерді беру жөніндегі, сондай-ақ инспекциялық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру жөніндегі қызметті үйлестіреді.

5-бап

Бірлескен Тарап делегациясының қызметін ұйымдастыру жөніндегі, сондай-ақ инспекциялық қызметті жүзеге асыру жөніндегі шығыстар тәртібі 1 және 2-қосымшаларда айқындалады.

6-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

7-бап

Осы Хаттама 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің қолданысы кезеңіне жасалды.

8-бап

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы депозитарийге соңғы жазбаша хабарлама жіберген күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2002 ж. "___" "_____" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Түпнұсқа данасы Ресей Федерациясының Үкіметінде сақталады, ол осы Хаттаманың әрбір Тарабына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҮШІН
ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҮШІН
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҮШІН
ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҮШІН

Жоба

1-қосымша

Бірлескен бақылау тобындағы Бірлескен Тарап делегациясының қызмет тәртібі мен ақпарат алмасу туралы

ЕРЕЖЕ

Ережелерге сәйкес және Бірлескен Тарапты құрайтын Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының Үкіметтері (бұдан әрі - Тараптар) 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімді және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімді жүзеге асыру үшін 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің 10-

бабында көзделген Бірлескен бақылау тобындағы (бұдан әрі - ББТ) Бірлескен Тарап делегациясының қызметін реттейтін ережелер туралы келісті.

1-тарау. Бірлескен Тарап делегациясының құрамы

1. ББТ-дағы Бірлескен Тарап делегациясының құрамына Тараптар уәкілеттік берген лауазымды тұлғалар енгізіледі.

2. Сессияларда әрбір Тарап өз уәкілетті лауазымды тұлғаларымен, сондай-ақ кеңесшілерімен және сарапшыларымен ұсынылуға құқығы бар.

3. Тараптардың арасындағы келісім бойынша Бірлескен Тарап делегациясының басшысы екі жылдық кезеңге тағайындалады.

2-тарау. ББТ-ның сессиясына дайындық

1. Бірлескен Тарап делегациясы, егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, жылына төрт рет жұмыс мәжілісін өткізеді. Мәжілістерде ББТ сессиясының күн тәртібі жөніндегі Бірлескен Тараптың ұсыныстары, сондай-ақ қарауға енгізілетін мәселелер бойынша ұстанымдар келісіледі. Қажет болған жағдайда, кейіннен Бірлескен Тарап атынан ББТ-ның сессиясына ұсынылатын құжаттар әзірленеді.

2. Жұмыс мәжілістеріндегі барлық шешімдер қатысушылар консенсусы негізінде қабылданады. Осындай шешімдер әрбір жұмыс мәжілісінің қорытындысы бойынша жасалатын хаттамалық жазбаларда тіркеледі.

Хаттамалық жазбаларға Тараптар уәкілеттік берген лауазымды тұлғалар қол қояды.

3. Тараптар алдын ала, бірақ ББТ-ның кезекті сессиясы басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей және ББТ-ның кезектен тыс сессиясы басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей, Бірлескен Тарап делегациясының басшысына Бірлескен Тарап делегациясындағы өз өкілдерінің құрамын хабарлайды.

4. ББТ сессияларында Бірлескен Тарап делегациясы алдын ала келісілген ұстанымға с ә й к е с ә р е к е т е т е д і .

Егер қандай да бір Тараптың уәкілетті лауазымды тұлғасы жеке өтініш жасау қажет деп санаса, ол алдын ала ол туралы Бірлескен Тарап басшысын хабардар етеді және өтініште Бірлескен Тараптың пікірін емес, тек өз мемлекетінің көзқарасын білдіретінін а р н а й ы а т а п к ө р с е т е д і .

5. Мәжілістер Бірлескен Тарапқа қатысушы мемлекеттер аумағында кезек-кезек өткізіледі. Өз өкілдерін іссапарға жіберу жөніндегі шығыстарды жіберуші Тарап көтереді. Қабылдаушы Тарап мәжіліс өткізу үшін үй-жай береді және оған қатысушыларды көлікпен қамтамасыз етеді. Мәжілісте қабылдаушы Тараптың өкілі т ө р а ғ а л ы қ е т е д і .

6. Мәжілістің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады. Мәжіліс жұмысының нысаны

пленарлық мәжілістер, шағын құрамдағы кездесулер мен жұмыс топтарының мәжілістері болып табылады.

7. Тараптардың әрқайсысы осындай ұсыныстың себептерін көрсете отырып, кезектен тыс мәжіліс шақыруды ұсынуы мүмкін. Бұл жағдайда мәжіліс ұсыныс беруші Тарап мемлекетінің аумағында сұрау салу түскеннен кейін 15 күннен кешіктірмей өткізіледі.

8. Тараптардың әрқайсысы мәжілістің күн тәртібіне осы Хаттаманың мақсатына қатысты кез келген мәселені енгізе алады.

9. Мәжілістерде Тараптардың өкілдері бір-бірін 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімді және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімді орындау барысы туралы, өткізілген инспекциялар қорытындылары туралы және осы Хаттамаға қатысты басқа да мәселелер жөнінде хабардар етеді.

10. ББТ-ның сессиясында қабылданған нақты мәселелерді қарау үшін ББТ құруы мүмкін жұмыс топтарының құрамына Бірлескен Тараптардың барлық қатысушы мемлекеттерінің өкілдері енеді.

Жұмыс топтарының жетекшілері Бірлескен Тарап делегациясының мәжілісінде тағайындалады.

3 - т а р а у . А қ п а р а т

1. Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Тәжікстан Республикасының уәкілетті органдары 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге Ақпарат алмасу туралы хаттамада көзделген ақпаратты жинайды және оны Ресей Федерациясының ЯҚАҰО-на беру үшін Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

ЯҚАҰО Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі арқылы Бірлескен Тараптан жинақталған ақпаратты Қытай Халық Республикасына жібереді.

2 . А қ п а р а т б е р у к е с т е с і :

а) келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әр жылдың 15 қарашасына дейін 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес ақпарат беріледі ;

б) 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісіммен және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісіммен айқындалған ақпарат пен хабарламалар оларды Қытай Халық Республикасына беру мерзіміне 10 күн қалғанда ЯҚАҰО-ға беріледі.

3. Ресей Тарабы 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге аталған Ақпарат алмасу туралы хаттамада көзделген, Қытай Халық Республикасынан алынған ақпаратты жеті күн мерзімде Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Тәжікстан Республикасының Сыртқы істер министрліктеріне жібереді.

1. Тараптар 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімге және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге сәйкес беретін және осы Ереженің 2-тарауында көзделген мәжілістер барысында, сондай-ақ ББТ-ның сессиялары барысында алатын барлық ақпарат құпия болып табылады. Тараптардың бір де біреуі осындай ақпаратты жария етпейді.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары үшін осындай хабарлардың мазмұны сияқты тең хабарлар туралы шешім, сондай-ақ 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімге және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге қатысты Қытай Халық Республикасына немесе тағы біреуге ақпарат беру туралы шешім консенсус

негізінде қабылданады.

3. 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімнен және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнен шыққан кез келген Тарап осы тараудың 1 және 2-тармақтары бойынша міндеттемелерімен байланысты болып қала береді. Бұл міндеттемелер 1996 жылғы 26 сәуірдегі Келісімнің және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда да күшінде қалады.

ЖОБА

2-қосымша

Инспекциялық қызметті ұйымдастыру кезіндегі

Тараптардың өзара іс-қимыл тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің (бұдан әрі - Келісім) ережелеріне сәйкес инспекциялық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсаттары үшін жасалды.

2. Келісімнің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету үшін Тараптардың өкілдері Келісімді қолданудың географиялық шегіндегі Шығыс және Батыс учаскелерінде өткізілетін инспекцияға қатысуға құқығы бар.

3. Осындай инспекциялардың мақсаты:

Шығыс және Батыс учаскелері үшін белгіленген сандық шектеулердің сақталуын бақылау ;

1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің Қысқарту тәртібі туралы хаттамасына сәйкес Келісімді қолданудың географиялық шегіндегі қысқарту орындарында қару-жарақ пен әскери техниканы қысқарту процесін бақылау болып табылады.

4. Бірлескен инспекциялық қызметті жоспарлауды, дайындығын ұйымдастыруды, өткізуді және қорытындыларын жинақтауды инспекция (бұдан әрі - инспекциялайтын

мемлекет) өткізілетін Қытай Халық Республикасы аумағының учаскесіне шектес Бірлескен Тарапқа қатысушы мемлекеттің уәкілетті органы жүзеге асырады.

5. Қытай Халық Республикасының аумағында инспекцияны ұйымдастыруды
м ы н а л а р :

Шығыс учаскесінде - Ресей Федерациясының уәкілетті органы;
Батыс учаскесінде - Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасының уәкілетті органдары жүзеге асырады.

6. Квоталарды жоспарлау және бөлу жөніндегі ұсыныстарды, өзара жұмыс істеу нәтижелерін, инспекцияны дайындау және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесімен алмасуды талдау мен жинақтауды ЯҚАҰО жүзеге асырады.

2-тарау. Бірлескен инспекциялық қызметті жоспарлау

1. 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімнің орындалуын бақылауды қамтамасыз

ету үшін ЯҚАҰО ағымдағы жылы әрбір учаскеде жылына 2 инспекциядан асырмау есебімен Бақылау және тексерулер туралы хаттаманың ережелеріне сәйкес Келісімді қолданудың географиялық шегінде Қытай Халық Республикасының аумағындағы Бірлескен Тараптың инспекциялық қызметі жоспарының жобасын әзірлейді.

2. Бірлескен Тараптың инспекциялық қызметі жоспарының жобасы Тараптардың ұсыныстары негізінде жасалады және ББТ-ның сессиясында келісіледі.

3. Бірлескен Тараптың инспекциялық қызметінің жоспары мыналарды қамтиды:

инспекциялайтын және инспекцияланатын мемлекеттердің атауын;
өткізілетін инспекциялардың түрін;
инспекцияға жататын бақылау объектілерін;
инспекциялар өткізу мерзімдерін;
инспекциялық топтар олар арқылы келетін/кететін, кіру/шығу пункттерін.

3-тарау. Бірлескен инспекция өткізуге дайындау

1. Бірлескен Тараптың инспекциялық қызметінің жоспары негізінде Бірлескен Тараптың инспекциясын өткізу басталғанға дейінгі 40 күннен кешіктірмей инспекциялық топ құрылады.

2. Бірлескен Тараптың инспекциялық қызметінің жоспарына сәйкес инспекциялайтын мемлекет инспекцияны өткізу басталғанға дейін 25 күннен кешіктірмей ЯҚАҰО-ға оны кейіннен Қытай Халық Республикасына беру үшін

3. Инспекциялық топтың жетекшісі мен оның орынбасары инспекциялайтын

мемлекеттің өкілдері болып табылады.

4. Шығыс учаскесіндегі инспекциялық топтың құрамына мыналар кіреді:

инспекциялық топтың жетекшісі - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Ресей Федерациясының өкілі);

инспекциялық топ жетекшісінің орынбасары - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Ресей Федерациясының өкілі);

инспектор - 1 (шақырылған Тараптың өкілі);

инспектор - 1 (шақырылған Тараптың өкілі);

инспектор - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Ресей Федерациясының өкілі);

инспектор - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Ресей Федерациясының өкілі);

инспектор-аудармашы (инспекциялайтын мемлекеттің - Ресей Федерациясының өкілі).

5. Батыс учаскесіндегі инспекциялық топтың құрамына мыналар кіреді:

инспекциялық топтың жетекшісі - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Қазақстан Республикасының немесе Қырғыз Республикасының немесе Тәжікстан Республикасының өкілі);

инспекциялық топ жетекшісінің орынбасары - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Қазақстан Республикасының немесе Қырғыз Республикасының немесе Тәжікстан Республикасының өкілі);

инспектор - 1 (шақырылған Тараптың өкілі);

инспектор - 1 (шақырылған Тараптың өкілі);

инспектор - 1 (шақырылған Тараптың өкілі);

инспектор - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Қазақстан Республикасының немесе Қырғыз Республикасының немесе Тәжікстан Республикасының өкілі);

инспектор-аудармашы - 1 (инспекциялайтын мемлекеттің - Қазақстан Республикасының немесе Қырғыз Республикасының немесе Тәжікстан Республикасының өкілі).

6. Инспекцияға шығу алдында инспекциялық топтың дайындығын инспекциялайтын мемлекеттің уәкілетті органы жүргізеді.

Инспекциялық топтың құрамына енгізілген инспекторлармен сабаққа мынадай мәселелер енгізіледі:

Келісімнің негізгі ережелері;

инспекторлар қызметін регламенттейтін 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге Бақылау және тексерулер туралы хаттаманың негізгі ережелері;
инспекция өткізу жоспары, мақсаттары және міндеттері;
уақытша нормативтер, инспекция өткізуге арналған есепті уақыт;
инспекция өткізудің ерекшеліктері;
инспекциялық топ мүшелерінің міндеттерін бөлу, кіші топтарды құру;
бақылау объектілеріндегі және Келісімнің қолданылу аясына кіретін қару-жарак пен әскери техниканың ерекше белгілері;
инспекциялық аппаратура және онымен жұмыс істеу ережесі;
инспекция өткізу процесінде инспекциялық топты көшіру үшін ықтимал көлік құралдары және топ мүшелерін олар бойынша бөлу тәртібі;
қауіпсіздік мәселелері және Қытай Халық Республикасында инспекторлардың жүріп-тұру ережелері;

Қытай Халық Республикасы, оның мәдениеті мен әдет-ғұрпы туралы мәліметтер.

7. Инспекция алдындағы бір аптаның ішінде ұзақтығы 1-2 күнде инспекциялық топты дайындауды ұйымдастырады.

8. Инспекцияларға қатысу үшін шақырылған Бірлескен Тараптың басқа қатысушы мемлекеттерінің өкілдері сабақ өткізу алдында келеді.

9. Шақырылған Тарап өз инспекторларының шақыруда көрсетілген жиын пунктіне және кері қайту жолына байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ шақырылған инспекторлардың инспекциялайтын мемлекет және Қытай Халық Республикасы аумағына келуімен байланысты іссапар шығыстарын өзі көтереді.

Бірлескен Тараптың шақырылған инспекторларының инспекция өткізу үшін Қытай Халық Республикасына бару алдындағы жиын пункті: Алматы, Бішкек, Мәскеу және Душанбе қалалары болып табылады. Жиын пункттері ББТ сессиясының шешімімен анықталуы мүмкін.

10. Қытай Халық Республикасының аумағында инспекция өткізу кезінде инспекциялық топ Келісімнің ережелерін және инспекциялық топ жетекшісінің нұсқауларын басшылыққа алады.

11. Инспекция аяқталғаннан кейін инспекциялық топтың жетекшісі инспекция туралы есеп жасайды және қажет болған кезде барлық түсініксіз мәселелерді түсіндірмелерде көрсетеді.

12. Инспекциялық топтың жетекшісі Бірлескен Тараптың ресми тұлғасы болып табылады және шешім қабылдауға, Қытай Халық Республикасының өкілдерімен байланыс жасауға құқығы бар және инспекция туралы есептерге қол қоюға құқылы.

Инспекцияланатын Тарап мемлекетінің аумағында барлық болу кезеңінде жетекші инспекциялық топтың барлық мүшелері үшін тікелей бастық болып табылады.

13. Инспектор инспекция барысында мыналарға міндетті:

Келісімнің ережелерін білуге және практикада дұрыс қолдануға, инспекцияның

мақсатын, міндеттері мен өткізу тәртібін нақты түсінуге; бақылау объектілеріндегі қару-жарақ пен әскери техниканың 1997 жылғы 24 сәуірдегі Келісімге Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес берілген мәліметтермен сәйкестігін тексеруге;

инспекциялық қызмет мәселелеріне қатысты алынған ақпаратты жария етпеуге; аппаратураны, инспекция барысында жасалған материалдарды және жазбалар бар құжаттарды қараусыз қалдырмауға;

Қытай Халық Республикасының заңдары мен ұлттық дәстүрлерін сыйлауға; инспекцияланатын мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға, инспекция орындарында белгіленген қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтауға, объект жұмысындағы кедергілерді немесе кідірістерді, сондай-ақ оның қауіпсіз жұмыс істеуін қозғайтын іс-қимылдарды болдырмауға.

14. Инспекция өткізу барысында мыналарға тыйым салынады: инспекциялық топтың жетекшісімен келісілмеген іс-қимылдарды орындауға; өзімен бірге инспекциялық қызметке қатысы жоқ қандай да бір

құжаттарды, аппаратураны және басқа да мүлікті алуға; белгіленген киім нысанын бұзуға.

4-тарау. Инспекциялық қызметтің қорытындылары

1. Қытай Халық Республикасының және Бірлескен Тарапқа қатысушы мемлекеттердің аумағында өткізілген инспекциялар (еріп жүрулер) туралы есептердің көшірмелері кейіннен Бірлескен Тарапқа қатысушы мемлекеттерге беру үшін ЯҚАҰО-ға жіберіледі.

2. Инспекциялық қызметтің қорытындыларын жинақтау, даулы мәселелерді шешу Бірлескен Тарап делегацияларының жұмыс мәжілістерінде өткізіледі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.